

**"Бейнеу-Бозой-Шымкент" магистральды газ құбырының қорғау аймағын белгілеу туралы**

Оңтүстік Қазақстан облыстық әкімдігінің 2015 жылғы 6 тамыздағы № 238 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 25 тамызда № 3324 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 121-бабының 1-тармағына, Қазақстан Республикасының «Магистральдық құбырлар туралы» 2012 жылғы 22 маусымдағы Заңының 14-бабының 1-тармағына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 27-бабының 1-тармағының 8) тармақшасына және облыстық жер комиссиясының 2014 жылғы 17 қарашадағы № 41 хаттамасы негізінде Оңтүстік Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Бейнеу-Бозой-Шымкент» магистральды газ құбыры бойынан Арыс, Түркістан қалалары, Бәйдібек, Ордабасы, Отырар, Сайрам және Түлкібас аудандарының аумақтары арқылы өтетін шартты желілермен шектелген, осы аймаққа кіретін меншік иелері мен жер пайдаланушылардан жер учаскелері алынып қойылмай, жалпы көлемі 1257, 4058 гектар осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес қорғау аймағы болып белгіленсін.

2. «Бейнеу-Бозой-Шымкент» магистральды газ құбырының қорғау аймағындағы жерді пайдалану режимі осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес анықталсын.

3. «Оңтүстік Қазақстан облысы Әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулыны Оңтүстік Қазақстан облысының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялануын ;

2) осы қаулыны Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулы оның алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары С.К.Тұяқбаевқа жүктелсін.

*Облыс әкімі*

*А.Мырзахметов*

*Б . О с п а н о в  
Б . Ж ы л қ ы ш и е в  
Е . А й т а х а н о в  
С . Қ а н ы б е к о в*

Е . С а д ы р  
С . Т ұ я қ б а е в  
А . А б д у л л а е в

Р.Исаева

Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің  
2015 жылғы «06» тамыздағы № 238 қаулысына  
1-қосымша

**Арыс, Түркістан қалалары, Бәйдібек, Ордабасы, Отырар, Сайрам және Түлкібас аудандарының аумақтары арқылы өтетін «Бейнеу-Бозой-Шымкент» магистральды газ құбырының қорғау аймақтарының жер көлемдері**

№	Әкімшілік аумақтық бірлік	Қорғау аймағының көлемі, га	оның ішінде					босалқы жерлер, га	орман шаруашы жерлер, га	
			а у ы л шаруашылық мақсатындағы жерлер, га	оның ішінде:			жайылым, га			
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
1	Арыс қаласы	12,3791	11,3518	1,3837				9,9681		
2	Түркістан қаласы	534,4130	496,4059	0,0094	36,7214		0,9473	458,7278		
3	Бәйдібек ауданы	234,5534	229,9931	126,8273	8,4779			94,6879		
4	Ордабасы ауданы	140,5914	131,6298	24,2945	38,2495	2,9134		66,1724		2,0375
5	Отырар Ауданы	71,8205	71,0342		1,8272			69,2070		
6	Сайрам ауданы	212,7653	198,7093	99,2273	42,8787	16,0490		40,5543		
7	Түлкібас ауданы	50,8831	49,3754	38,4855	4,6483			6,2416		
Облыс бойынша		1257,4058	1188,4995	290,2277	132,8030	18,9624	0,9473	745,5591		2,0375

Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің  
2015 жылғы «06» тамыздағы № 238 қаулысына  
2-қосымша

**«Бейнеу-Бозой-Шымкент» магистральды газ құбырының күзет аймақтарында жерді пайдалану режимі**

«Бейнеу-Бозой-Шымкент» магистральды газ құбыр жолдарының қорғау аймақтарының шегінде:

1) өткелдерді, қара жолдарды және магистральдық құбыр трассасы мен оның күзет аймағын өзге де уақытша немесе тұрақты көлікпен кесіп өтудің орналасу орындарын, салу, жайластыру және пайдалану тәртібін магистральдық құбырдың меншік иесімен келіспей, орнатуға;

2) бағбандыққа және орман өсіруге, сондай-ақ жер жырту тереңдігі отыз бес сантиметрден аспайтын далалық ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру үшін агротехникалық жұмыстар кешенінен басқа, магистральдық құбырдың меншік иесімен келісілмеген кез келген жұмысты орындауға;

3) магистральдық құбырдың меншік иесі не оператор жайластырған, магистральдық құбырға қызмет көрсету мен оның физикалық қорғалуын қамтамасыз етуге арналған жолдарды рекультивациялауға, сондай-ақ магистральдық құбырда өртке қарсы және күзет функцияларын орындайтын қызметкерлердің осы жолдармен қозғалысына, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларды қоспағанда, кедергі келтіруге;

4) кез келген құрылыстар мен ғимараттар салуға;

5) автомобиль көлігі құралдарының, тракторлар мен механизмдердің тұрақтарын ұйымдастыруға;

6) мелиоративтік жер жұмыстарын жүргізуге, суару және құрғату жүйелерін салуға;

7) магистральдық құбырдың меншік иесінің келісімінсіз тау-кен, құрылыс салу, монтаждау және жару жұмыстарын жүргізуге, жерді тегістеуге;

8) ұңғымалар, тікқазбалар орнатуға және топырақ сынамаларын (топырақ үлгілерінен басқа) алуға байланысты геологиялық түсіру, іздеу, геодезиялық және басқа да іздестіру жұмыстарын жүргізуге жол берілмейді.